

**«Dariya» балабақшасы 2025 – 2026 оқу жылына мектепке дейінгі
ұйымның Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы**

Мамыр 2026 ж

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Ата – аналар,
Тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің 2025 – 2026 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы жылдық есеп.
2. Мектепалды топтар түлектерінің «Қоштасу ертеңгіліктерін» ұйымдастыру және балалардың мектепке дайындық деңгейін талқылау.
3. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, жазғы сауықтыру жұмыстарын жоспарлау.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Шоферова Ж. есебі тыңдалды. Оқу жылы бойы балабақшаның материалдық – техникалық базасын нығайту, дамытушы ортаны жақсарту және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жоспарланған іс – шаралардың толық орындалғаны айтылды.

.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Усербаеваға сөз сөз алып балалардың мектепке психологиялық, интеллектуалдық және әлеуметтік дайындық деңгейін анықтау мониторингінің қорытындысы ұсынылды. Балалардың басым көпшілігі жоғары және орта деңгейді көрсетті. Сонымен қатар, екі мектепалды даярлық тобы түлектердің қоштасу ертеңгіліктерінің сценарийі, өткізу мерзімі және ұйымдастыру шаралары талқыланды.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. сөз алып жазғы маусымда балалардың уақытын тиімді өткізу, таза ауадағы шынықтыру шаралары, күн өтуден қорғау, ауыз су режимін сақтау және тамақтану мәзірін дәрумендендіру мәселелерін айтып өтті.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің 2025 – 2026 оқу жылындағы атқарған жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Мектепалды топтардың қоштасу ертеңгіліктерін бекітілген кестеге сай жоғары деңгейде ұйымдастыру тәрбиешілерге жүктелсін.

3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында ауладағы ойын құрылғыларының қауіпсіздігін толық тексерілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Шоферова Ж.

Хатшы:

Шанниева С.